

А. А. Байбулатова,
күндізгі оқыту факультетінің аға оқытушы әдіскері, полиция майоры
(Қазақстан Республикасы ІІМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты)

ЭКСТРЕМИЗМ ЖӘНЕ ТЕРРОРИЗМ ҚОҒАМҒА ТӨНГЕН ҚАУІП

Соңғы уақыттарда әлемнің түрлі елдерінде болып жатқан жан түршігерлік сан-қилы оқиғалар көп мемлекеттер үшін терроризмнің аса күрделі проблемаға айналып отырғандығын көрсетсе керек. Замана дерті саналатын осынау қоғамдық қауіпті көріністің кең етек алып, өрттей қаулап бара жатқаны мемлекетаралық және ішкі саяси, әлеуметтік-экономикалық, тарихи, ұлттық, діни, тағы басқа факторлардың үлкен қайшылықтарға ұрынуымен түсіндірілмек. Осынау жағдайды ескере отырып, соңғы кездері әлемдік қауымдастықтар терроризмге қарсы күрес шараларын белсенді түрде ұйымдастырып жүзеге асыруда.

Қазіргі кездегі терроризмнің негізгі қозғаушы күші осы заманның әралуан шешілмеген мәселелері болып табылады. Әртүрлі елдердің дамуы арасындағы айырмашылық, дамушы елдердің дамыған елдерге қарағанда тұрмыс жағдайларының нашарлығы, кедейлік, жұмыссыздық, сыбайлас жемқорлық, сауатсыздық, дамушы елдердің жоғары билік өкілдерінің кез келген жолмен билікті сақтап қалуға ұмтылуы — осының барлығы ақырында терроризмнің туындауы үшін қолайлы жағдай жасайды. Бұл туралы «Орталық Еуразия» жобасының директоры Э. Рихтер «терроризм теңсіздік, әділетсіздік пен қуғындау орын алған жабық қоғамдарда өркендейді» — деп көрсетеді¹⁴. Алайда, терроризмді әлеуметтік-экономикалық факторлармен ақтауға болмайды.

XIX ғасырдың аяғына таман, атап айтқанда, 1989 жылы Рим қаласында Италия мемлекетінің ұсынысымен алғаш рет терроризмге қарсы күресу қажеттілігі туралы дүниежүзілік I-ші Халықаралық конференция өткізілген болатын. Осы конференцияның жұмысына қатысқан 20 мемлекет өкілдері терроризмге қарсы қолданылатын әкімшілік, құқықтық және саяси сипаттағы актілерге қол қойды. Бірақ өкінішке орай, көп ұзамай дүниежүзілік соғыстың басталып кетуі, дүниенің екі жүйеге бөлінуі терроризмге қарсы I-ші Халықаралық конференцияда қабылданған қаулы-қарарлардың іс жүзіне асырылуына бөгет болды. Міне, содан бері, 100 жылдан астам уақыт өтсе де терроризм дүниежүзілік масштабта күн тәртібінен түспей келді. Бүгінгі таңдада терроризм адамзат баласының өркениет жолымен бірқалыпты дамуына қатер тудырып отыр.

Әртүрлі өркениетті даму жолдарын ұстанғанмен, түпкі мақсаты халқын тойындырып, елін өркендетіп, гүлдендіру болып табылатын Орталық Азия мемлекеттері мен Қазақстанда тұрақсыздықтың уын шашуға мүдделенген террористік топтар өз әрекеттерін жандандыра бастады. Дей тұрғанмен, террористік-лаңкестік, діни-экстремистік топтардың Орталық Азия мемлекеттері мен Қазақстан аумағына ене бастауын тек қана олардың түпкі мақсат-мүдделерінің тереңдігінен, залымдығынан іздестіру аз. Олардың бұл аймаққа еңдей бастауының объективті де, субъективті де себептері баршылық. Олар мыналар:

1. Кедейшілік, өндіріс ошақтарының жаппай тоқтап тұруына байланысты аймақтың барлық елдерінде орын алып отырған жұмыссыздық.

2. Билік басындағылар мен бұқара көпшілік арасындағы айырмашылық, мүлік бөлінісіндегі әділетсіздік, адам құқықтарының аяққа тапталуы.

3. Өмірден жеңілу, жатсыну, қорғансыздық, рухани жұтандық, білім деңгейінің төмендігі, саяси мәдениеттің жоқтығы, ұлтаралық араздық, діни бөлінушілік, мемлекеттік емес қоғамдық ұйымдар жұмыстарының жетімсіздігі.

4. Төмендегілердің ескіше өмір сүруге құлықсыздығы, ал билік басындағылардың жаңаша басқаруға қауқарсыздығы.

5. Билік басындағылардың сыбайлас жемқорлығы, бұқара халықтың мұң-мұқтаждықтарын елемеуі, бюрократиялық жүгенсіздік, теңсіздік.

6. Аймақтағы мемлекеттер арасындағы мемлекетаралық аумақтық жер бөлінісінің екі жақтық мүдделері сәйкес келе бермеуінен туындап отырған шекара төңірегіндегі ірілі-уақыты қақтығыстар.

7. Аймақтағы мемлекеттердің аумағында мұнай, газ, түсті металдар мен басқа да шикізат көздерінің молдығына, сондай-ақ бұл мемлекеттердің орналасу жағдайларының тиімділігіне байланысты ірі мемлекеттердің геосаясат тұрғысынан «ойын» алаңына айналдыруға мүдделіліктері.

Соңғы жылдары көзбен көріп, құлақпен естіп жүргеніміз тек осы террор ғана болды. Әлемнің ең мықты мемлекеті АҚШ-ты 11 қыркүйек 2011 жылы тізе бүктірген қанды сойқан, күні кеше ғана Мәскеу Бесланда жүздеген жазықсыз жанды о дүниеге аттандырды. Жас кәрісіне, дін мен ұлтына қарамай 100 күндік трагедияға құлақ түріп, ешкімнің де қолынан ештеңе келмей телміріп отырды. Міне, дәл осы кезде «ұзақ көлемді қақтығыстар» және террор ұғымдары пайда бола қалды.

Жалпы террор деген не? Террордың сөздік мағынасы «қорқыту, үрейлендіру, шошыту, қаймықтыру» дегенді білдіреді. Террор — дүйім жұртты үрейлендіру, қоғам мен тұлғалардың психологиясына соққы беру және жасалған амал арқылы адамдардың зәресін ұшыру. Бұл күнделікті өмірімізге енген және жиі қолданылғанымен осы сөздің мағынасы әлі де ұйғарым жоқ. Әйтсе де, қанша жиі қолданылатын сөзге айналды. Бүгінге дейін сала мамандары мен филологтар қанша ұмтылса да террорға ортақ түсінік бере алмай келеді.

Террор дегеніміз — адамдарды қаймықтыру, билеп-төстеу арқылы оларға белгілі бір идеология мен ұстанымды мойындату үшін зорлық-зомбылық жасау, күш жұмсау және лаң салу. Террордың ең басты ерекшеліктерінің бірі нысанасын кездейсоқ таңдап алатыны. Нысананың, яғни террордың құрбандарының кездейсоқ таңдалуы үрейдің шапшаң таралуына мүмкіндік береді.

Соңғы уақытта пост-кеңестік мемлекеттер терроризмге және діни экстремизмге қарсы күрес саласында іс-шараларын жандандырып келеді. Терроризмге қарсы іс-әрекеттің құқықтық шегін белгілейтін көптеген маңызды құжаттар қабылдауға талпыныс жасалуда, террорлық белсенділік ошақтарын жою жөніндегі арнаулы бөлімшелер құрылуда, сондай-ақ әртүрлі елдердің мекемелері арасында халықаралық терроризмге және басқа да экстремизм түрлеріне қарсы бірлесе күрес жүргізу шараларын белгілеу бойынша ақыл-кеңес айтысу ісі жолға қойылып келеді. Терроризм технологиясын наным-сенімі арқылы адамдар табыспен игере алады. Оның философиясы үшін әртүрлі саяси қағидаттар арасындағы айырмашылықтар кедергі бола алмайды. Бұл философия — әмбебап және принципсіз философия.

Терроризм қылмысы ХХІ ғасырдағы адамзаттың негізгі проблемасына айнала бастады. Халықаралық құқық және барлық елдердің заңдары терроризмнің қимылын, атап айтқанда, адамдар ұрлау, өлтіру, ұшақтарды немесе көліктерді айдап әкету, адамдарды кепілдікке ұстап ақша талап ету, жарылыс пен өрттер жасау, тағы басқа да қоғамға және мемлекетке қауіпті деп жариялады. 2002 жылы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі өзінің № 1373 қарарымен Кеңестің терроризммен күрес жөніндегі комитет құрып, Қауіпсіздік Кеңесінің шешіміне сай БҰҰ-на мүше елдер терроризм әрекеттерінің бәрін де қылмыстық іс деп санауы тиіс. Террористер мен оларды қолданушылардың қаржылық құралдары мен активтерін тоқтатып, оны оларға беруге тиым салады. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы 2002 жылы 18 сәуірде «Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы» Шанхай Конвенциясын жариялады. Осыған орай Қазақстан Республикасында 1999 жылы «Терроризмге қарсы күрес туралы» Заң, «Терроризм мен экстремизм көріністерін алдын алу және тыю жөніндегі шаралар туралы» Президент жарлығы жарияланды. Қазақстан терроризмге бірлесіп әрекет ету мақсатында 12 мемлекетпен келісім жасасты.

Орталық Азияда терроризмнің таралуының аймақтық картасын түзу жолында жүргізілген зерттеулердің нәтижесі экстремизмнің таралу аймағы террорлық белсенді аймақтардан анағұрлым ауқымды екендігін көрсетіп отыр. Басқаша айтқанда, терроризм экстремистік идеялар мен ұрандар қабылдаған белгілі бір кеңістіктің қақ ортасында пайда болып, жан-жаққа уытын таратады. Осыдан келіп жиынды қауіпсіздік жүйесін жасаудың формуласы мынадай болып түзілуі керек: «терроризмге қарсы күресу керек, ал экстремизмді алдын ала ауыздықтап отыру қажет». Демек, әскери операциялар жүргізу немесе террорлық топтарды жою бойынша арнаулы операциялар жүргізуді білдіретін терроризмге қарсы күрестегі дәстүрлі шаралар біз жоғарыда айтып өткен кеңістіктердің дәл ошағында жүзеге асырылуы тиіс.

Қазірдің өзінде Орталық Азиялық аймаққа халықаралық экстремистік және террористік топтар ықпалының тарай бастауы біздің аймақ үшін де айқын қауіп-қатер болып отыр. Соңғы кездері Орталық Азия республикасында, осы елдердің саяси тұрақтылығын бұзуға қауіп төндіретін үгіт-насихат тактикасы халықаралық террористік ұйымдар тарапынан мейлінше қарқын алып отырғанын байқамауға болмайды.

Қазіргі кездегі терроризмнің өзінің инфрақұрылымы бар, сондықтан онымен күресу жүйелі, әртүрлі бағытта жүргізілуі тиіс. Терроризмді жеңу үшін ең алдымен оның әлеуметтік — саяси және экономикалық контекстін жою керек.

Терроризммен халықаралық күресу де жүргізіліп жатыр. Терроризмнің ортақ түсінігі жоқтығының және оны қалыптастыру қиындылығының екі маңызды себебі бар деп айтуға болады. Біріншісі, терроризм күрделі, сан қырлы теріс әлеуметтік құбылыс. Екіншіден, кейбір мемлекеттердің ұлттық мүдделерінің қақтығысу жағдайы және жекелеген ұлттар мен жалпы халықаралық қауымдастық мүдделерінің қарама-қайшылық жағдайының болуы. Терроризммен халықаралық күрес саласындағы мемлекет арасындағы ынтымақтастық құқықтық (конвенциялық) және ұйымдастырушылық (институционалдық) механизмді пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

ⁱ Мырзабеков М. Қазақстан терроризмге қарсы күресте // Президент және халық. 2011. 31 наурыз.